

Аудандық жер қатынастары бөлімі бойынша атқарылған жұмыстардың  
2017 жылдың қорытындысы.

**Алқаптар бойынша жер қорының бөлінісі**

| Алқап түрлері                               | Алаңы,<br>га    | соның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерінен |             |
|---|-----------------|--|-------------|
|   |                 | алаңы, га  | %           |
| <b>Жерлердің жалпы алаңы</b>                | <b>1 188843</b> | <b>620241</b>                                      | <b>52,2</b> |
| соның ішінде:<br>ауыл шаруашылығы алқаптары | 1 122365        | 616893   | 54,9        |
| оның: егістік                               | 18723           | 18723  | 0           |
| көп жылдық екпелер                          | 17              | 0  | 0           |
| тыңайған                                    | 164272          | 61360  | 37,4        |
| шабындық                                    | 43682           | 35558  | 81,4        |
| жайылымдық                                  | 895671          | 501252   | 60,0        |
| бақшалар және қызметтік жер телімі түрінде  | 0               | 0  | 0           |
| <b>Басқа алқаптар</b>                       | <b>39402</b>    | <b>1506</b>  | <b>3,8</b>  |

- Шаруа қожалықтары (ш/қ) - 575 039 га;
- Ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі (АШӨК) – 3 015 га;
- Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері (ЖШС) – 35 875 га;
- Мемлекет меншігіндегі кәсіпорындар – 6 312 га;
- Елді мекендер – 140 017 га;
- Орман қоры – 5 103 га;
- Су қоры – 37 га;
- Өндіріс, жол, байланыс, қорғаныс т.б жері – 1 794га;
- Босалқы жер – 421 651 га;

**Ауыл шаруашылығы құрылымдарының қозғалысы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 160 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығы негізінде жасалған 2017 жылдың 01 қарашадағы /жер кадастр құжаттамасы/ жер балансының есебі бойынша ауданда:

- 28 ш/қ, көлемі 57 299 га;
- 4 АШӨК, көлемі 1 415 га;
- 1 ЖШС, көлемі 300 га жаңадан құрылды.
- 2 ш/қ жабылды, мемлекет меншігіне қайтарыған жердің жалпы көлемі 23 957 га (8 569 га егістік, 1 026 га шабындық, 13 932 га жайылымдық, 395 га түбегейлі жақсартылған, 35 га басқа жер);

«Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша 2 /екі/ құжат түсті, атап айтқанда Бұлдырты а/о «Алтын» ш/қ және Талдыбұлақ а/о «Асар» ш/қ. Егістіктен жайылымдық 200 га, егістіктен шабындыққа 835 га.

Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес заңды және жеке тұлғалардың арыздарына /өтініштері/ тұрақты талдау жүргізіліп, уақытында қаралып, тиісті жауаптары берілуде. Аудандық заңды және жеке тұлғаларға жер учаскелерін беру жөніндегі комиссия арқылы 2017 жылы 22 отырыс болып, 428 заңды және жеке тұлғалардың арыздары /өтініштері/, қатынас хаттары қаралды.

### **Тұрғын үй құрылысы**

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін Жымпиты ауылы, «Қарасу» мөлтек ауданынан (инженерлік /коммуналдық/ инфрақұрылыммен қамтылған) жеке тұрғын үй құрылысы үшін 2017 жылғы қорытындысымен 45 тұлғаға жер учаскелері бекітіліп берілді. Бұлдырты ауылынан жеке тұрғын үй құрылысында тұрған азаматтарға жер учаскелері алдағы уақытта беріледі.

### **Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді конкурс арқылы беру**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48 бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі саудасаттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 290 бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығын өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру конкурс арқылы беру үшін аудан әкімдігінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 343 қаулысымен конкурстық комиссия құрамы бекітілді.

Осы мақсатта, 2017 жылдың 27 желтоқсанда ауылшаруашылық өндірісін жүргізу үшін жер учаскесін жалға беру бойынша конкурс өткізілді. Конкурсқа 4 (төрт) ауылдық округі бойынша 6 (алты) лот шығарылды жалпы көлемі 4600.0 га жайылымдық. Осы 6 лоттың 3-уіне көлемі 1850.0 га конкурстық өтінімдер қабылданып конкурстық комиссияға ұсынылды. Конкурстық өтінімдерді және конкурстық комиссия мүшелерінің оларға қойылған балдық бағаларын қарау нәтижесінде комиссия келесідей шешім қабылдады: 1-Лот бойынша «Сұлтан-А» ш/қ А.А.Молдашевты (Талдыбұлақ а/о, көлемі 500.0 га), 2 және 3-Лот бойынша К.Ж.Гумаровты (Елтай а/о, көлемі 1350.0 га) жеңімпаз деп шешті.

2018 жылдың 14 наурызында конкурсқа ауданның 3 (үш) ауылдық округі бойынша көлемі 2750.0 га жер учаскесіне 3-лот шығарылды. Алғабас а/о 1-лотқа тапсырылған құжаттар конкурстық құжаттамасына сәйкес қатысушылардың саны екіден кем болғандықтан ашылмады. Осы 6 лоттың 2-

уіне көлемі 1750.0 га конкурстық өтінімдер конкурстық комиссияға ұсынылды. Конкурстық өтінімдерді және конкурстық комиссия мүшелерінің оларға қойылған балдық бағаларын қарау нәтижесінде комиссия келесідей шешім қабылдады: 2-Лот бойынша М.Т.Аманбаевты (Бұлдырты а/о, көлемі 250.0 га), 3-Лот бойынша «Алихан» ш/қ А.К.Тугеловты (Талдыбұлақ а/о, көлемі 1500.0 га) жеңімпаз деп шешті.

Аудан көлеміндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін конкурс арқылы жалға беру және конкурсқа қатысушылардың арасындағы ашық бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін конкурсқа шығарылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жерге орналастыру жобаларын жасау үшін ағымдағы жылы аудандық бюджеттен 2,8 млн.теңге қаржы бөлініп жұмыстар жүргізілуде.

Елбасының «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына сәйкес алдағы уақытта ауданымыздағы елді мекендердегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді электрондық конкурстар арқылы табыстау жөніндегі шараларды өткізу көзделуде. Аталған шаралар іске асырылған жағдайда, жер учаскелерін беру жөніндегі электрондық жүйе (портал) орнатылып, мемлекеттік қызмет көрсету барысында жер беру конкурстық комиссиясының шешімі қабылданып - жемқорлық тәуекелі жойылады, сондай-ақ барлық мүдделі мемлекеттік органдармен келістіру мәселелері жеделдейді және қажетті келісімдердің электрондық түрдегі жүйесін қолданылуы жүзеге асырылады. Бұл үшін аудандық бюджеттен «Госзакупщик» ЖШС-гі ұсынған шығындар сметасы негізінде 200 (екі жүз) мың теңге көлеміндегі қаржы сұрап хат жолданды. Бұл қаражат аудандық маслихаттың шешімімен бөлініп тиісті жұмыстар жүргізілуде.

### **ҚР «Жайылымдық туралы» заңы**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы «Жайылымдар туралы» Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы №41-ө өкім бойынша (Бұдан әрі - Өкім) тізбенің 6-тармағы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі аудандық жоспарлар әзірленуі, 7-тармақ бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттеу негізінде жайылым айналымдарының схемасы нақтылануы және аудандық мәслихаттар шешімімен бекітілу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Атап айтқанда, өкімдегі тізбенің 7- тармағы негізінде аудан әкімдігінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 269 санды «Сырым ауданы бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы» қаулысы бекітілді.

Өкімнің 6-тармағына сәйкес 2017 жылдың желтоқсан айының 27 жұлдызында аудандық мәслихаттың кезектен тыс № XXII-II сессиясында «Сырым ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы» қаралып

бекітілді, Әділет органдарына тіркеуге тапсырылды. Нәтижесінде, 2018 жылдың 18 қаңтарында Әділет органдарына № 5044 санымен тіркелді.

### **Жерге құжаттамалық ревизия жүргізу**

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жер қатынастары саласы бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарына, сонымен бірге 2017-2019 жылдары қолда бар жер қорына талдау жүргізу (жерге құжаттамалық ревизия) жөніндегі ұсынымдарға сәйкес жер қорына талдау жүргізу (жерге құжаттамалық ревизия жасау барысы жөнінде) үшін 2017 жылдың 14 наурызында Сырым ауданы әкімінің *«Аудан көлемінде 2017 – 2019 жылдары жер учаскелерінің меншік иелерінің және жер пайдаланушылардың жерлеріне тексеріс (ревизия) жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы»* № 11 өкімі бекітілді.

Басты назарды ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша оларды жер заңнамаларына сәйкес келтіру және өзге санаттар деректерінің қайталануын болдырмау мақсатында елді мекендердің әкімшілік шекараларына кіретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлерден бөлектеуге аудару керек болды.

2017-2019 жылдары қолда бар жер қорына талдау (жерге құжаттамалық ревизия) жүргізу кестесіне сәйкес 2017 жылы жер қорына талдау ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мен елді мекен жерлеріне жүргізу жоспарланған. Өткен жылдың қорытындысымен жоспарға сай бұл жұмыстар жүргізілді. Жұмыстарды жүргізу барысында басшылыққа 2016 жылдың жер балансынан мен Қазақстан Республикасының Жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен алынған материалдар алынды.

### **Ауыл шаруашылығы мақсатындағы берілген жерлерге түгендеу жұмыстары туралы мәлімет.**

2017 жылы жер қатынастары бөлімімен ауылшаруашылығы құрылымдарының жер учаскелеріне түгендеу барысында 52 ш/қ көлемі 64 563 га жер учаскелерін мақсаты бойынша пайдаланылмағаны, соның ішінде 39 жер пайдаланушылардың көлемі 11 628 га егістік жерге егін екпей отырғаны және 10 жер пайдаланушылардың көлемі 25 822 га жайылымдық жерге ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығымен бекітілген Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасына мал басының сәйкес келмейтіндігі анықталып отыр. Сондықтан, осы жер пайдаланушыларға заң талаптары негізінде ескертулер берілді.

Бөлім тарапынан жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 3 жер пайдаланушылардың көлемі 27 113 га жер учаскелерін өз еріктерімен мемлекет меншігіне кері қайтарды.

«Айбат», «Өмірғали», Атамекен-А», «Керей», «Кенжетай», «Алатау-Б», «Қараман», «Әзтөбе», «Ақшат» және «Ащыбұтақ» ш/қ сонымен бірге, «Licorice Kazakhstan», «Oral Meat», «Орал» ауыл шаруашылығы құрылымдарының жер учаскелерін нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмағаны үшін шара алуға Батыс Қазақстан облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасына құжаттары жолданды.

Кірістер басқармасына түгендеу жұмыстары нәтижесінде анықталған 6 ауыл шаруашылығы құрылымы («Тінәлі» ЖШС-ң 1 765 га, «Қарақұдық» ш/қ 7 451,5 га, «Уайс» ш/қ 1 000 га, «Айбат» ш/қ 3 750 га, «Oral Meat» ЖШС-гі 850 га, «Орал» ш/қ 14 318 га) көлемі 29 135 га жер учаскесіне жер салығын 10 есеге дейін өсіріп төлеу үшін облыстық жер инспекциясы тарапынан хат жолданды.

## **ӨЛЕҢТІ КӨЛДЕТІП СУАРМАЛЫ ЖҮЙЕСІ**

Сырым ауданының Қособа ауылдық округіне қарасты Өлеңті көлдетіп суармалы жүйесі 1935 жылы шаруашылық әдісімен салынған. «Қазгипроэлектро» жобалау институты арқылы жоба жасақталып, 1953 жылы суландыру жүйесі 10300 га шабындық алқапқа жеткізілді.

Кеңес Үкіметі кезінде суландыру жүйесі Жымпиты ауданының үш шаруашылығын атап айтқанда Қособа совхозы – 7773 га, XXII-партсъезд совхозы – 1115 га, Шідерті арнайы мал бордақылау бірлестігі – 1412 га және бұрынғы Азнабай-Тайпақ суармалы жүйелерін қамтамасыз етті.

2015 жылы аталған жүйе бойынша жобалық-сметалық құжаттары жасақталды, құны 108745 млн.теңге. Жобалаушы «Оралводпроект» ЖШС.

2016 - 2017 жылдары аталған жүйе бойынша 108,0 млн.теңге бөлініп, «Жиенбай» ЖШС –гі аталған жүйенің бас ғимараттың толық жөндеуден өткізді.

Қазіргі таңда Өлеңті көлдетіп суаратын жүйесінің су жібергіш жүйесінің бас имарат, № 1-10 валдардың құжаттары мемлекеттік акт және техникалық паспорттары жасақталып, әділет басқармасында тіркеуден өтті. Облыстық су шаруашылығы мекемесінің теңгеріміне берілді.

Өлеңті көлдетіп суармалы жүйесінің бойында 31 шаруа құрылымдарының жер телімдері орналасқан.

Өлеңті көлдетіп суармалы жүйесі Қособа, Жетікөл, Бұлан және аудан орталығын мал азығымен қамтамасыз ету үшін және мал азығының бағасын қалыптасуына ықпал етеді.

Жоғарыдағы аталған округтер бойынша ірі қара малы – 11211 бас, ұсақ малдар -31150 бас және жылқы малы – 3396 басты құрайды.

Аталмыш жобаны іске асырған жағдайда, жоғарыдағы аталған округтерді және аудан орталығын арзан мал азығымен қамтамасыз етуге және жергілікті тұрғын халықты тұрақтандыруға өз әсерін тигізеді.

## **Шолақаңқаты су қоймасы туралы анықтама**

«Шолаңқаты су қоймасы» 1968 жылы шаруашылық әдісімен салынған. Суландыру көзі Шолаңқаты өзені. Су қоймасының көлемі 6.5 млн.м<sup>3</sup>, ұзындығы 166.8 метр, ені 10.0 метр, биіктігі 14.91 метр. Телімге су беру механикаландырылған. Суару «Волжанка» және «Фрегат» машиналармен жаңбырлату әдісімен атқарылған. Суландыру көлемі 991 га, соның ішінде 20 га алма бағы.

Жұмыс жасаған кездері бұрынғы «Правда» газеті атындағы совхозды мал азықтық дақылдарымен қамтамасыз етіп отырған.

Сонымен қатар, жалпы көлемі 13 гектар болатын екі алма бағын, Тоғанас және Аңқаты ауылдарының тұрғындарына 30 га бау-бақша егуіне осы су қоймасынан орталықтандырылған суару жүйесі арқылы сумен қамтамасыз етілген.

2016 – 2017 жылдары аталған жүйе бойынша жобалық-сметалық құжаттары жасақталды, құны 102,0 млн. теңге бөлініп, ПМК-117 толық жөндеуден өткізілді.

Су қоймасын қалпына келтірілген жағдайда Шолақаңқаты ауылдық округінің экономикалық жағдайын және ауыл шаруашылығы саласын дамытуға үлкен септігін тигізері сөзсіз, нақты айтқанда суармалы мал азықтық дақылдарының берік қорын жасақтауға, бау-бақша шаруашылығын жандандыруға және ауыл тұрғындарын техникалық сумен қамтамасыз етуге қауқарлы.

\*\*\*

**2017 жылы бөлімге 54 арыз /өтініш/ келіп түсті, соның ішінен: жеке тұлғалар – 54 өтініш, соның 40 толығымен қанағаттандырылды, жеке қабылдауда – 12;**

\*\*\*

Жер қатынастары бөлімінде 9 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. 2017 жылы барлығы 241 мемлекеттік қызмет көрсетілді, соның ішінде

1. 30 қызмет - «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаселеріне құқықтарды алу» стандартына;

2. 179 қызмет - «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту» стандартына;

3. 26 қызмет - «Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту» стандартына;

4. 3 қызмет - «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» стандартына;

5. 3 қызмет - «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға рұқсат беру» стандартына көрсетілген.

\*\*\*

**2017 жылы ауыл шаруашылығы құрылымдарымен 214 келісім шарт жасалды, соның ішінен:** Қысқа мерзімге - 112,  
Ұзақ мерзімге - 74,  
Сатып алуға - 28.

Аудан бойынша 2017 жылғы қорытындысымен алғашқы рет кәсіпкерлік мақсатына көлемі 2.1905 га 33 жер учаскесі сатылды. 2017 жылдың қорытындысымен аудандық бюджетке меншік иелерінің жер учаскелерінен түскен қаржы /Код 303101/ 4 362 015 теңгені құрады.

**Сырым аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы**

**Ө.Уашев**